

Атақты аталарымыз қай жылдары туған?

«Сарыарқа Самалы» газетінің биылғы 28-маусымдағы санында жарық көрген жазушы Сайлау Байбосынның «Жүсіпбек Аймауытұлы қай жылы туған?» атты мақаласын оқығаннан соң, осы жолдардың авторы бұл сұрақ-жергілікті атқару ұжымдарының басшыларымен қатар газет оқырмандарына да қойылған сұрақ деген түсінікпен

жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919 жылы бітіреді».

Осы академик айтқан деректер бойынша егер Жүсіпбек 1889 жылы туған болса, онда ол 18 жасында Баянауылға ба-

сын өзінің мақаласында: «Жүсекең (Жүсіпбек. – С.Ж.) өзінің Мәшекеңе (Мәшһүр Жүсіп. – С.Ж.) жазған бір хатында «Сұлтанмахмұттан екі жас кішімін»-дейді –деп жазады. Онда Жүсіпбек 1895 жылы туған болады. Содан кейін Сайлау аталмыш мақаласында: «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 28 желтоқсан күнгі са-



қойылған сұрақ деген түсінікпен осындай сұрақты атақты жерлестеріміз Бұқар жырау мен ақын, сазгер Естайға да қатысты қойылуы керектігін айтады.

Енді газет бетінде көтерілген мәселеге орай алдымен Жүсіпбек Аймауытов қай жылы туған деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Сайлау ініміздің аталмыш мақаласында Жүсіпбектің туылған жылы әр деректе 1888, 1889, 1890, 1892, 1895 жыл деп әртүрлі датада көрсетілгені айтылады. Осы даталардың қайсысы дұрыс? Бұл сұраққа жауап беру үшін әңгімені Сайлаудың: «Ал өзі (Жүсіпбек. – С.Ж.) жазған ... өмірбаянында «1890-сыр жылы туыппын», - деп жазған жылдан бастайық. Осы датаны тексеріп қарағанымызда 1890 жыл сиыр емес, барыс екені анықталды, ал сиыр – 1889 жыл. Бұл жерде, әрине, қателік кімнен болғанын айту қиын. Дегенмен, осы екі жылдың төңірегіне аялдап, тексеру жүргізіп байқайық.

Академик Серік Қирабаев Жүсіпбек Аймауытовтың 1889 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан шыққан бір томдық шығармалары кітабына жазған алғысөзінде төмендегідей деректерді тізбелеп жазады. «1907 жылы Жүсіпбек... Баянауылға барып, орыс мектебіне түседі... Баянда бір қыс оқып, екі бөлімін бітіріп, келер жылы Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық (с-хоз) школына барып, емтихан ұстадым» - дейді ол. (Жүсіпбек. – С.Ж.) Бұл дерек «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылдың 23 желтоқсанындағы санында басылған. Бұдан әрі Серік Қирабаев сөзін былайша өрбітеді. «Бірақ ауыл шаруашылық мектебінде ұзақ оқи алмайды. Бір айдай ауыл шаруашылық жұмысына қатысып, одан кейін екі ай ғана оқуға мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп режимі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады.

Осыдан кейін біраз уақытын ол ауылда бала оқытуын жалғастырумен өткізеді. Содан 1911

ол 18 жасында Баянауылға барып, орыс мектебіне түскен болады. Содан кейін 22 жасында Керекудегі екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Сосын Жүсіпбек 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 30 жасында бітірген болады.

Міне, осы айтылған Жүсіпбектің әртүрлі оқу орнында оқыған жас мөлшерін байыппен болжап қарағанда шындыққа жанаспайды деуге болмайтын сияқты. Неге десеңіз, Жүсіпбектей тумасында зейінді баланың бозбала шағында (яғни 18 жасында) Баянауылдағы орыс мектебіне түскені күдіктілеу екені байқалады. Осы жерде Шоқанның 12 жасында Омбы қаласындағы Сібірдің кадет корпусына оқуға түскенін қаперге алып, ойланып көрейікші. Жүсіпбектің жас жігіт кезінде (яғни 22 жасында) Павлодардағы екі класты орыс-қазақ мектебіне оқуға орналасты дегенге нануға бола ма? Әрине, болмайды. Бұл мектепке 1911 жылы Қаныш Сәтбаевта оқуға түсіп, оны ол Жүсіпбекпен бірге 1914 жылы бітіріп шыққаны белгілі. Жүсіпбектің жас жігіттік шағында Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 30 жасында бітірді дегенде неғайбілдеу.

Жоғарыда айтылғандай нанымсыз деректерді ескере отырып, Жүсіпбек 1888, 1889 және 1890 жылы туды деген даталар – мүлдем қате даталар. Сондай-ақ, Жүсіпбекке Семейдің мұғалімдер семинариясын бітіргенде 1919 жылдың 2 шілдесі күні осы семинарияның директоры Семей облыстық «Земская управаның» халық ағарту бөліміне жіберген құжатта мынындай дерек бар: «... Дано это свидетельство окончившему полный курс учения Жүсіпбеку Аймауытову, ... родившемуся 30 ноября 1892 года...» Бұл құжатта «1892 жыл» деп көрсетілген дата да Жүсіпбектің өміріне байланысты қолда бар дәйектерге сүйеніп тексеріс жасағанда дұрыс болмай шықты.

Енді тексеруге қалған тек 1895 жыл ғана. Сайлау Байбо-

жылғы 28 желтоқсан күнгі санында жарияланған «Құпиялы құлпытас» атты мақалада оның авторы Серікқали Байменше Мәскеу жақтан қолына түскен тағы бір құжаттарға сүйене отырып, Жүсіпбектің 1895 жылы туғанын айтады-деп жазады.

«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Серікқали Байменшенің осы газетте жарық көрген «Құпиялы құлпытас» деген мақаласын осы жолдардың авторы да оқыған еді. Мәскеуге арнайы барған Серікқали Байменше аталмыш мақаласында Жүсіпбек Аймауытов, Ахметсапа Жүсіпов және Дінмұхамед Әділов сияқты арыстарымыздың 1928-1929 жылдары «контрреволюциялық ұйымға мүше болғаны үшін» деген айыппен тұтқындалып, 1930 жылғы 21 сәуірде атылғанын, олардың денелерінің Мәскеудегі Ваганьков зиратына жерленгенін айтады. Сонымен бірге бұл мақалада Серікқали Байменше Мәскеудегі ГПУ-дың құжатында Аймауытов Жүсіпбектің 1895 жылы Семей губерниясы Қызылтау болысы Павлодар уезінің бірінші ауылында туғаны көрсетілгенін, орта білімі барын, партияда жоқ екенін жазады. Осы мақалада автордың айтуы бойынша Шымкент педагогика техникумының оқытушысы болып істеген Жүсіпбек ол кезде осы қалада Пушкин көшесіндегі 5-үйде тұрыпты. Ақпарат көздерінің дерегіне сүйеніп Серікқали Байменше 1916 жылы Семей қаласында туған Виктор Юрьевич (Бектұр Жүсіпбекұлы) Аймауытовтың 1937 жылғы 29 желтоқсанда Татарстандағы НКВД үштігінің шешімімен он жылға бас бостандығынан айырылғаны жөніндегі деректі де айтады. Бұдан әрі «1928 жылы 440 адамды, 1929 жылы 1383, ал 1930-1929 адамды ату жазасына кескен Бас саяси басқарма (ГПУ. – С.Ж.) алқасының 1934 жылы НКВД құрылғанға дейін елдің басқа өңірлерінде тұтқындалғандарды Мәскеуге этаппен алдырғанын өткен заманның кейбір жарияланымдарынан кездестіруге болады. Жүсіпбек, Ахметсапа,

Дінмұхамедке үкім шығарған ГПУ алқасы, демек бұлардың Мәскеуде атылуының сыры осында болса керек», - деп жазады журналист Серікқали өзінің мақаласында.

Сонымен, Жүсіпбектің Мәшһүр Жүсіпке жазған хатында өзінің Сұлтанмахмұттан екі жас кіші екенін айтып жазғанын және Мәскеудегі ГПУ құжатында «Аймауытов Жүсіпбек 1895 жылы туған» деп жазылғанын шүбәсіз дұрысқа санап, тоқтамға келуіміз керек сияқты. Сонда Жүсіпбек Семейдегі мұғалімдер семинариясын жоғарыда айтылғандай 30 жасында емес, 24 жасында бітірген болады.

Ендігі бір ескерер жәйт: қазірде Жүсіпбектің өлген жылы «1931» деп жазылып жүр, ал оның 1930 жылы Мәскеуде атылғаны жоғарыда айтылды, яғни ол 35 жыл ғана өмір сүрген. Осы аз-ақ өмірдің аясында оның әртүрлі қызметтерді атқарумен бірге творчестволық жұмыспен айналысқан уақыты не бәрі 12 жылға да жетпейді. Осындай бір мүшел болмайтын уақытта жан-жақты талант иесі санатында артына аса бай мұра қалдырған Жүсіпбек сынды классик жазушының сүйегі бүгінде басқа елдің топырағы астында жатыр.

Жоғарыда айтылған «Құпия құлпытас» деген мақалада автор: «60 жылдан бері Мәскеуде тұратын ақсақал Қайдар Құмарбекұлы 80-жылдары Ваганьков қорымынан Фани Мұратбаевтың зиратын іздеп жүргенде Аймауытовқа ұқсас бір фамилияны көзі шалып қалғанын есіне алады» - деп жазады.

Жүсіпбек Аймауытовқа байланысты соңында айтарымыз: Бәлкім, Павлодар облысының жұрты Жүсіпбектей ардақты арысымыздың аруағын елеусіз, ескерусіз қалдырмай ұлтжанды азаматтардың күшімен оның сүйегін Мәскеуден әкеліп, кіндік қаны тамған ауылында қайта жер қойнауына берсе үлкен ғанибет болар еді.

Бұқар жырау мен Естай Бер-

кімбаевтың да туған жылдарында нақтылық жоқ. Атап айтсақ, бүгінгі басылымдарда Бұқар жырау – 1668, 1684, 1685, 1693 жылы, ал Естай – 1863, 1872, 1873, 1874 жылы туды деп әртүрлі жазылып жүр. Сондықтан келешекте осы мақалада сөз болып отырған тұлғаларымыздың туғанына байланысты олардың мерейтойларын қай жылдың негізінде өткіземіз? Бұған кім жауап береді? Әрине, бұл сұрақтарға ешкім жауап бермейтінін нық сеніммен айтуға болады. Сонда не істеуіміз керек? Сөйтіп, сұрақтың үстіне сұрақ қойылатыны хақ.

Шынын айтқанда, Бұқар жырау, Естай, Жүсіпбек сияқты тұлғалардың мерейтойлары республикалық деңгейде өтетін шараларға жатады. Сондықтан бұлардың туған жылдарын анықтау үшін Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайының мұрындық болумен үш кісі үш тұлғамыздың туған жылдарын 3-4 айдың шамасында анықтап шығуға белгіленеді. Мысалы, Жүсіпбектің туған жылын анықтауды жазушы Сайлау Байбосынға жүктеледі деген сияқты. Содан кейін үш зерттеуші өздерінің тұжырымдарын облыстық мәдениет басқармасының мәжілісінде баяндаулары керек. Сосын мәдениет басқармасы зерттеушілердің баяндамаларын Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы мемлекеттік университетіне жіберіп, университеттің ғылыми кеңесінде қарауға өтініш білдіреді. Ғылыми кеңесте қабылданған жылдарды облыс әкімі Қазақстан Республикасының Мәдениет министрінің бекітуіне жібереді. Содан кейін ғана жоғарыда қойылған сұрақтардың жауаптары өзінен-өзі шешіледі.

**Серік ЖАҚСЫБАЕВ,
Екібастұз қаласының
құрметті азаматы.**